

ӘОЖ 958.4

**«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
ТАРИХЫНДА**
THE POEM «ALPAMYS BATYR» IN THE HISTORY OF TURKIC
NATIONS

Э. Е. АЛЬЖАНОВА*
Х.К.АТАЕВА**

Түйіндемe

Мақалада түркі халықтарына ортақ батырлық дастан «Алпамыс батыр» жырына тарихи талдау жасалған. «Алпамыс батыр» жырын басқа да түркі халықтарының – қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, алтай халықтарында тараған нұсқаларымен салыстыра отырып Орта Азия жерінде өмір сүріп жатқан түркі тілдес халықтардың – тілі, діні, түбі бір халық екендігі айтылады.

Кілт сөздері: Орта Азия, түркі халықтары, эпос, мәдениет, тарихи деректер.

Summary

In the article analysis was given to the “Alpamys batyr” which is the common poem to all Turkic nations. The poem “Alpamys batyr” was compared with other Turkic poems or with other spread version of Kazakh, Uzbek, Karakalpak, Bashkurt, Tatar, Altay people’s poems and considered that Turkic nations who live in Central Asia had the same root in their language and religion.

Keywords: Central Asia, Turkic people, epic, culture, historic data.

«Алпамыс батыр» жыры түркі халықтарының құнды, көркем жазба жәдігері болып есептеледі. «Алпамыс батыр» жырында көне дәуірдің салт-санасы, ғұрпы, неғұрлым айқын бейнеленгенін атап өту өте маңызды. Терең мазмұны, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан «Одиссея», «Махабхарата», «Қобыланды батыр» т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр [1]. «Алпамыс батыр» жырында халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпикалық әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда талай заманның түсінігі, дүниетанымы, шындығы сүреттелген. Әр халықтың ұлттық мақтанышына айналған бұл эпос ғасырлар бойы әр адамның бойына

* тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of historical sciences, associate professor, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. E-mail: elmira.alzhanova@ayu.edu.kz

** магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Master, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. E-mail: ata-eva1397@mail.ru

рухани күш сыйлайды. Сондықтан да түркі халықтары бұл жырды қадір тұтып, батырлық жыр ретінде құрметтейді. Түркі халықтарының тарихы, ел-жұрт тыныштығы, өз Отандарының қорғанышы болған батырлардың ер-жүректігі осы «Алпамыс батыр» жырында айқын бейнеленген. Осылайша «Алпамыс батыр» жыры Орта Азия халықтарының көркем әдебиетіне үлкен әсерін тигізіп отыр. Қазіргі кезде бұл жырдың пайда болуына негіз болған архаикалық сюжетті анықтау, халық жыршыларының репертуарындағы көркем эволюциясы кезеңдерін анықтау, осы жырдың басқа халықтар әдебиетіне қалай таралғанын анықтау фольклортану саласының өзекті мәселесі болып отыр [2]. Бұл қатарда орыс ғалымы В.М. Жирмунскийдің «Түрік батырлық эпосы» туралы монографиясын айрықша атап өтуге болады. «Алпамыс батыр» жырының дүние жүзіне мәлім болуына осы аталған еңбектің пайдасы зор болды. Жырдың аса тартымды, кең танымал болуының тағы бір сыры оның фабулалық желілерінің түрік тілдес халықтарда да ұшырауына байланысты [3]. Қазақ халқының бірнеше ертегілерінде «Алпамыс батыр» жырының оқиғалық сарыны кездеседі. Татар, башқұрт халықтарында бұл тақырып ертегі түрінде айтылады. Мұның өзі қыпшақ-оғыз халықтарының бір заманда Сырдария бойында ұзақ уақыт аралас өмір кешкендігінің де куәлігіндей. Бұл көрсетілгендер «Алпамыс батыр» жырының көптеген түрік халықтарының бастан кешкен тағдыр-талайын еске салатын жалпы түріктік қасиетінің молдығын аңғартады. «Алпамыс батыр» жырының халық арасында айрықша қастерленуі оның түрлі нұсқасы көп болуына ықпал етті.

«Алпамыс батыр» жыры қазірге дейін әр түркі халықтарында түрлі жолдармен, көптеген жыршылар тарапынан жырланып, көптеген ғалымдар тарапынан зерттеліп келеді. Ғалымдар тарапынан жырдың пайда болған уақыты, таралған аймақтарын зерттеу жоғары деңгейде жүргізіліп отыр. Әлбетте, бұл мәселеге орыс зерттеушілері алғашқылардың бірі болып көңіл аударды.

XIX ғасырда В.Радлов, Н.Ильминский, Г.Потанин, А.Васильев, Ә.Диваев, Ш.Уәлиханов қазақ эпостарын зерттеп, қағаз бетіне түсіре бастаған. «Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көнесі. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан [4].

Атақты фолькоршы Ә.Диваев жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп орысша мазмұнда бастырды. Ә.Диваев жыр нұсқасын Ж.Бермұхамедовтен, тағы біреу нұсқасын Е.Ақылбековтың қолжазбасынан алған. «Алпамыс батыр» жыры баспа жүзін алғаш рет 1899 жылы («Қисса-и-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Басқа да батырлар жыры сияқты «Алпамыс батыр» жыры да Кеңес үкіметі тұсында бірнеше рет басылған [5].

А.К. Боровков Алпамыс туралы эпостың қай халыққа тиесілі екендігін зерттеп, эпосты қоңырат қауымының эпосы деп дәлелдеді [6]. В.М. Жирмунский «Алпамыс батыр» жырын барлық кітаптарында Гомердің «Одиссея» дастанымен ұқсастыра зерттеді [7].

В.М. Жирмунский мен Х.Т. Зарифов Алпамыс жырын Сырдарияның төменінде, Арал жағаларында пайда болған деп дәлелдеді [8]. В.М. Жирмунский жырды XII-XIV ғасырларға жатқызып, оқиғасын монғол шапқыншылығымен байланыстырды [9].

«Алпамыс батыр» жырының қалыптасу, даму тарихы жөнінде ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Әр ғалым өз тұрғысынан топшылайды.

Мысалы, В.М. Жирмунский мен Х.Т. Зарифов былай дейді: «Өзінің шығу тегіне қарағанда «Алпамыс» қоңыраттардың рулық эпосы... Қоңыраттардың ру есебінде тарихқа белгілі бола бастауы монғолдардың жаулап алуымен байланысты». Бұл пікірді профессор А.К. Боровков «Алпамыс» жырының туған кезі – XII-XIV ғғ. арасы болуы керек дейді. Ал академик Ә. Марғұлан «Алпамыс» қыпшақ заманында туған, содан қалған жыр екендігін айтады [10].

Өзбек халқының зерттеушісі Хади Зариф «Алпамыс батыр» жырының пайда болу және таралу тарихын зерттеп, Алпамыстың шыққан руы қоңыраттар туралы жеке зерттеді [11]. А. Каримов 1955 жылы «Алпамыс батыр» жырының жаңа нұсқасын қарақалпақ жырауы Қияс Қайратдиновтан жазып алып, баспадан шығарды [12]. Т. Мирзаев «Алпамыс батыр» туралы монографиясында жырдың түркі халықтар арасында таралған нұсқаларын салыстыра зерттеді [13].

1989 жылы Америкада түрік ғалымы Хасан Паксой «Алпамыс батыр» жыры туралы монографиялық ізденістер жүргізді [14].

Жырдың қазақша нұсқасын көбірек зерттеген ғалым Т.Сыдықов жырды рулық, тайпалық кезден келе жатқан мұра ретінде атайды.

Жырдың тарихи, көркемдік мәні мен әдебиеттегі орны туралы

М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Т.Сыдықов сынды зерттеушілер арнаулы еңбектер жазды. «Алпамыс батыр» жырының әлемге әйгілі болуына осы ғалымдардың жазған еңбектерінің пайдасы зор болды. Батырдың туып-өскен, өмір кешкен елі – Жиделі-Байсын тайпасының нақты аты – қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп дәлелдеген. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкіл қазақтық көлемге көтереді [15].

«Алпамыс батыр» жырының халық арасында айрықша қастерленуі оның нұсқасының көп болуына ықпал еткен. Мысалы, қазақ тілінде жырдың 10-11 нұсқасы бар. Қазан төңкерісіне дейін бұл жырды Қазақстанның барлық облыстарында айтып келген. Жырдың түрлі нұсқаларын айтқандар С.Аққожаев, Ә.Байтұрсынов, Е.Керімбетов, А.Нысанов, Ж.Жақыпов тәрізді ақын-жыршылар болып табылады. Әсіресе, Сұлтанбек Аққожаевтың жазып алған нұсқасы ең толық, әрі көркем түрі [16].

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ежелгі және Орта ғасыр әдебиет бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан өз зерттеулерінде Алпамыс жырын түркі халықтарына ортақ жыр ретінде сипаттады. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Хазретәлі Тұрсұн жырды зерттеу жұмыстарында жырдың шығу уақыты Түркі қағанатына дейінгі кезеңге сәйкес келетіндігін айтты [17].

Сонымен, біз жоғарыда «Алпамыс батыр» жырының қалыптасу тарихы, даму кезеңі туралы ғалымдардың пікірлерін келтірдік. Ал осы ғалымдардың қайсысының пікірі шындыққа жанасымды екендігін біз дәл айта алмаймыз. Себебі әр ғалым өзінің ғылыми дәлелдерін келтіре отырып, өз пікірін тұжырымдаған. Десек те, біз бұл жырдың бас кейіпкерлері өмірде болған ба, болса олар қай ғасырларда өмір сүргендігіне байланысты жырдың шамамен қашан қалыптасқандығын анықтауымызға болады.

Алпамыс - түркі халықтар бірлігінің кепілі бола алатын батырлық эпосы. Қыпшақ даласында неше замандардан бері өрісте малын бірге бағып, дастарханда бірге дәм-тұз тартқан халықтардың

басынан не күндер өтпеді дейсіз? Бірақ арада бірқатар кикілжіңдер болуына қарамастан олар тыныш өмір сүріп келеді. Қазіргі кезде өмір сүріп жатқан түркі тілдес халықтарды тек қана дипломатиялық қатынастар ғана емес, ертедегі қазір бізге мұра болып қалған тарихи жырлардағы халықтардың тарихының ұқсастығы мен тығыз байланыстылығы жақындастырады. Сондай үлкен тарихи және тәрбиелік мәнге ие болған дастандардың бірі - «Алпамыс» дастаны болып есептеледі.

«Алпамыс» дастаны тарихи тұрғыдан қарағанда сол уақытта, яғни ерте феодализмнің қалыптасуы кезеңінде, бірақ патриархалды тайпалық байланыстар сақталып келген кезеңде түркі тайпаларының дастаншылық дәстүрлері негізінде **қоңырат** тайпасында пайда болған. Дешті Қыпшақ тайпаларының түрлі территорияларға қоныстануы, қоңырат тайпасының бөлініп, жаңадан құрылып жатқан түркі халықтарымен араласу негізінде «Алпамыс» дастаны сол халықтың тарихына, дамуына қарай өзгеріп отырды.

Ол өзіне сол халықтардың ұлттық дәстүрлерін сіндіруімен түркі халықтарында әр түрлі варианттарда пайда бола бастады. Мысалыға қазақ және қарақалпақтарда «Алпамыс», өзбектерде «Алпомиш», таулы алтайлықтарда «Ақпумиш», «Алпумиш», «Алп-Манаш», башқұрттарда «Алпамыша», қазан-татарларында «Алпамша» деп аталды [5, 278]. Ғалымдар «Алпамыс» дастаны қазіргі кезде қай халықта «алып» сөзі сақталынып қалса, сол халықтың әдебиетінде бар деп есептейді.

Кейбір ғалымдар «Алпамыс» жырының үш нұсқасы бар десе, кейбіреулері төрт нұсқалары бар деп айтады. Бірінші нұсқасы «Қоңырат». Бұған қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтары ортасында пайда болған және таралған «Алпомиш», «Алпамыс» атты нұсқалар кіреді. Екінші нұсқасы «Оғыз». Бұған азар, түрік, түрікмен т.б халықтар арасында тараған дастан жинақтары кіреді. Үшінші нұсқасы «Қыпшақ». Бұның ішіне татар, башқұрт, абхаз халықтары қалдырған дастан жинақтары кіреді. Оның ішінде жеке «Баршын Сұлу» сияқты эпостарын да көруге болады. Ал Таулы Алтай жерінде таралған «Алып-Манаш» дастанын төртінші «Алтай» нұсқасына кіргізуге болады. Сол сияқты «Алпамыс» дастаны тәжік халқының да ұлттық батыры есептелсе де, ол туралы жазылған деректер сақталмаған. Тәжік қыстақтарында жыршылар тарапынан тәжік тілінде әлі күнге дейін жырланып келеді. Бұл мәлімет қоңырат тайпасының аз болса да тәжік халқының құрамына енгендігін білдіреді. Орта Азияға көшіп келіп,

қоныстанып қалған араб және ирандықтар арасында айтылып жүрген «Алпамыс» дастанына тән жырлар бар. Кейбір мәліметтерде қытай, иран, ауған, түрік тіпті Арабияда өмір сүретін түркі халықтарда да «Алпамыс» жырымен тығыз байланысты болған дастандар өте көп кездеседі. Бұл дегеніміз «Алпамыс» батырлық жыры түркі халықтарының өмірінде, әдебиетінде ерекше орын алады.

«Алпамыс» дастаны, оның ұлттық версия және варианттарын жазу, баспадан шығару және оны зерттеу өте маңызды, қиын және өте қызықты болып есептеледі. Өйткені «Алпамыс» дастаны түркі тілі мемлекеттерінде фольклордың пән ретінде пайда болуы және оның даму сатыларымен тығыз байланысты [6, 235].

Тарихта әр түркі халқы тарихи кезеңдерге, түрлі басқыншылықтарға және қиыншылықтарға тап болды. Уақыт өте келе түркі тайпалар түрлі халықтардың құрамына енуіне байланысты олардың әдеп-ғұрыптарында да айырмашылықтар пайда бола бастады. Сол сияқты «Алпамыс» дастаны да түрлі халықтарда түрліше жырлана бастады. Бірақ Алпамыс және сол сияқты кейіпкерлер, елдімекендер өзгеріссіз қалды.

Алпамыс кейіпкерлерінің түркі халықтарында айтылуы

| Кейіпкерлер/Тілі | Қазақ тілінде | Өзбек тілінде | Қарақалпақ тілінде |
|---------------------|-----------------|---------------|--------------------|
| Батыр | Алпамыс | Алпомиш | Алпамиш |
| Әкесі | Байбөрі | Бойбўри | Байбори |
| Туысы | Сарыбай/Байсары | Бойсари | Байсары |
| Қарындасы | Қарлығаш | Қалдирғоч | Қарлығаш |
| Жары | Гүлбаршын | Барчиной | Гулбаршын/ Баршын |
| Аты | Байшұбар | Бойчибор | Байшубар |
| Қалмақ ханы | Тайшық | Тойчихон | Тайшыхан |
| Ұлы | Жәдігер | Ўдгор | Жадигер |
| Досы | Қаражан | Қоражон | Қаражан |
| Өгей бауыры | Ұлтан хан | Ултон тоз | Ултан хан |
| Мыстан кемпір | Мыстан | Сурхайл | Мыстан |
| Қалмақ ханының қызы | Қаракөз | Қоракўз | Каракуз |
| Байбөрі ағайыны | Құлтай | Қултой | Култай |

«Алпамыс батыр». дастанында жазылған әрбір кейіпкердің есімі түрлі мағынаны береді. Басты кейіпкер батыр Алпамыстың есімінің өзіндік мағынасы бар. 1999 жылы Ташкент қаласында «Фан» баспасынан шыққан «Алпамыс» - өзбек халқының батырлық эпосы

(«Алпомиш» - ўзбек халқ қаҳрамонлик эпоси) кітабында «Алпамыс» сөзінің өзі екі сөзден құралған деп есептелінеді. «Алып» және «памыш» сөздерін жеке-жеке қарастырайық. Есімнің бірінші компоненті «алып» сөзі бұл «үлкен», «күшті», «батыр» мағынасына келеді. «Алып» сөзі өзбек, қазақ, қарақалпақ тілдерінде көп кездеседі және түркі жазбаларында болып, қазірге дейін қолданылады. Ал екінші компоненті «памыс» сөзі ғалымдар үшін зерттеуде біраз қиындық тудырды. Өйткені түркі тілдер сөздігінде бұл сөз кездеспейді. Бірақ барлық түркі халықтарында бұл сөз «алып» сөзімен бірге қолданылады және бірге жазылады: Алмопиш, Алпамыс, Алпамиш, Алпамша, Алпамиша. Тек қана Алтайлықтарда жеке-жеке қолданылып, дефис арқылы жазылады: Алып-Манаш.

Әбілғазы Бахадурдың «Шажарай тарокима» еңбегінде «Мамышбек» түрінде кездеседі. Бахсы Фазыл Йулдаштың айтуынша «памыс» немесе «помиш» сөздері тек қана күшті, батыр, ұзын бойлы келген адамдарға ғана берілетін лақап болып есептелінеді екен. Бұдан шығатын қорытынды «памыс», «помиш» сөзі өзбек тілінде «пахлавон», қазақ тіліне аударғанда «алып» деген мағынаға келеді. «**Байбөрі**» - (өзбек тілінде бөрі-қасқыр) үлкен қасқыр немесе кейбір мәліметтерде ақ қасқыр мағынасын береді. «**Қарлығаш**» - адамзат және тәңірі ортасындағы дәнекер құс мағынасын білдіреді. «Гулбаршын» - сұлу, көркем мағынасын білдіреді [8,145]. Жыршылар «Алпамыс батыр» эпосында кездесетін әрбір образды ерекше сипаттаған.

Жырдың басты образы – **Алпамыс**. Ол Байбөрі мен оның бәйбішесінің жалаң аяқ жер кезіп жүріп тапқан ұлы. Алпамыс он жасында алып батыр болып, жұдырығы тиген балалар мерт болады. Алпамыс өз сүйіктісін жаудан азат етуші болып сүреттеледі. Алпамыстың басқа батырлардан ерекшелігі - ол мыстан қолына түскенде отқа салса күймейді, атса мылтық өтпейді, шапса қылыш кеспейді. Алпамыстың елі үшін туған батыр екенін оның зорлықшыл қалмақ хандары - Қараман мен Тайшыққа, өз еліне опасыздық жасаған Ұлтанқұлға қарсы қойылуынан байқаймыз. Мұнда ол олжа іздеп жүрмейді, адам, ел кегі үшін күреседі. Ол өзінің ерлігін сұлу жар күресінен бастаса да, ақырында Алпамыс Байбөрі мен бүкіл Қоңырат елінің кегі, елдің бүтіндігі үшін күресуші халық батыры ретінде көрінеді. Кейінгі образ - **Гүлбаршын**. Жырда Гүлбаршын Алпамыстың жастай атастырған қалыңдығы болып көрінеді. Құдалықты Сарыбай бұзады. Гүлбаршын қалмақ зорлығына ұшырап, Алпамысты іздейді.

Алпамыс жауға кеткенде, Гүлбаршын Ұлтанқұлдың зорлығына ұшырайды. Бірақ өзінің еліне, отбасына, жарына болған махаббатынан қайтпайды. Алпамыстың келуін асыға күтіп, оған адал жар ретінде қалады. Кейінгі образ бұл Алпамыстың адал серігі, оның аты – **Байшұбар**. Алпамыс образын Байшұбар ат толықтырады. Жырдың басында Алпамыс оны кемсітіп, жүгенмен басқа салып қалады. Құйрығынан ұстап, алып лақтырады. Бірақ дөнен жүгенделіп, ер-тоқым салынғанда, ер қанаты-тұлпар ат болып шыға келеді. Алпамыс жорықтарында Байшұбар оның шын серігі ретінде суреттеледі. Мысалы, Қараман мен он жасар бала жекпе-жекке түскенде, Байшұбар оны ала қашады. Қараманның Қара тұлпары Байшұбарға жете алмайды. Айтушылар Байшұбарды қасиетті, ақылшы ат қылып көрсетеді. Алпамыс жау қолына, зынданға түскенде, Байшұбар жауға берілмейді. Қалмақ ханының қызы Қаракөзайым Байшұбардың көмегімен Алпамысты зындандан алып шығады. **Байбөрі** - бүкіл Қоңырат елінің ағасы ретінде суреттелген. Жырда бүкіл қоңырат тайпасының байлығы Байбөріге тиесілі. Сол байлық иесі, бір қауым елдің қорғаны - Алпамыс. Оны Байбөрі мал мүлкін тастап, «тәңірден» сұрап алған. **Қаражан** (кейде Қараман) - олжа құмар, қиянатшыл жау батыры. Ол Гүлбаршынды зорлап алмақ болады. Алпамыс келгенде, Қаражан қолына отыз батпан күрзі ұстап, Қара атына мінеді. **Тайшық** - бүкіл Қоңырат елімен жауласып жүрген қалмақ ханы. Ол жайылып жатқан Байбөрінің жылқысын шауып кетеді. Ол өз елінде де жайлы емес. Соның бір көрінісі - өз қызы Қаракөзайымды мыстанның таз баласына беруі. Кейкуат секілді қойшыларды қанауы. Мінезі жағынан Тайшық - ұсақ, мысық тілеулі хан. Ел талап үйренген. Тайшықтың Алпамыс келе жатқандағы түсі оның үрейлі, ниеті қара хан екендігін білдіреді. **Мыстан**-ханның сенері. Ол ханның сұлу қызы Қаракөзайымды өз баласына алып бермек болады. Жырда мыстан - Қалмақ ханның жағында тұрған жағымсыз образында бейнеленген. Айтушылар оны суреттегенде ол Алпамысты алдап, қырық отауда қырық қыз ұстап, мас қылып, ұстап береді. Ол өзінің жауына мәймөңкелеп, дос болып сөйлейді. **Ұлтанқұл** немесе Ұлтан хан - қоңырат халқының өз ортасынан шыққан жауы болып көрсетілген. Оның ата-анасы, еліне опасыз, дарашыл тұлға Ұлтанның барлық мінезі мен ісі халық батыры Алпамысқа қарсы қойылған. Ұлтанқұл образын жырда ертедегі жалғыз көзді дәулерге ұқсатқан. Алпамыстың баласы Жәдігердің аяғына кісен салып, қозы баққызу -Ұлтан ханның озбырлығымен қатар, өз ісіне сенбейтіндігін білдіреді. Осылайша әрбір

жырау «Алпамыс» дастанында әрбір образды өз деңгейіне жеткізе отырып сүреттеген [9, 166].

Қазіргі кезде Алпамыстың бізге жетіп келген толық нұсқалары XVI-XVII ғасырларда қалмақ басқыншыларының Дешті Қыпшақ жеріне жасалынған шабуылдар кезінде жазылған делінеді. «Алпамыс батыр» жыры ел арасында замандар бойында айтылып келгенімен баспа жүзін алғаш рет 1899 ж. («Қисса И-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп орысша мазмұнда бастырған атақты фольклоршы Ә.Диваев. 1992 жылы Нукус қаласында «Билим» баспасынан шыққан «Қарақалпақ батырлық дастаны Алпамыс» (Қарақалпақ қаһарманлық дастаны Алпамыс) кітабында Ә.Диваевтың бұл жырдың бір нұсқасын қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат Бермухамедовтан, тағы бірер нұсқасын Шымкент оязының тұрғыны Е.Ақылбековтің қолжазбасынан алғаны жазылған. Сонымен, «Алпамыс» эпосының бізге толық нұсқада жетіп келуі мәдениетіміздің дамуындағы үлкен жетістік. Эпостағы бейнеленген оқиғалар қазіргі түркі тілдес халықтардың тарихынан маңызды дерек береді.

Қазіргі кезде тек қана Алпамыс батырдың және басқа кейіпкерлердің аталуының түркі халықтарда ұқсастығы ғана емес, жыршылардың жырды ұқсас етіп, ұқсас аспаптарда жырлауы да түркі халықтарының тарихы тығыз байланысты екенінің тағы бір дәлелі [10, 113]. Өйткені қазіргі кезде өзбек, қазақ, қарақалпақ халықтарында «Алпамыс» жыры домбыра аспабында түрлі вариантта жырланады. «Алпамыс» жырын бір халықтың ғана мәдени мүлкіне айналдыру, немесе тек қана бір халықтан тараған деп дәлелдеу пікірлері ақиқатқа мүлдем сай келмейді. «Алпамыс» жыры жоғарыдағы айтылған халықтардың барлығында бар. Қазірге дейін «Алпамыс батыр» өмірі және жырдың таралуы туралы көптеген тарихи деректер жинақталған.

Көптеген түркі халықтарына ортақ қаһармандық жыр ретінде «Алпамыс батыр» атауымен деректер және пайымдаулар - белгілі «Аңыз адам» тарихи тұлға туралы журналында баспадан шықты. «Аңыз адам» журналының №16 санында «Алпамыс батыр» жырының пайда болуы және таралуы туралы С.Қосан: «Алпамыс батыр» жыры Қоңырат тайпаларына ортақ жыр ретінде қалыптасуы - шындықтан алшақ емес. Өйткені, қазіргі кезде Хорезм өңірінде оғыз түрікмендер, қият қарақалпақтар, қоңырат қазақтар, өзбектер қатар өмір сүріп жатыр. Олардың ортақ эпикалық кеңістігін бұзып жатқан бүгінгі

дүрбелең дүниенің теріс үлгісі мен көне түркілік сананы тұмшалаған тұрлаусыз саясат...» -деп жазады [17, 21-22]. Ал сол Алпамыс туралы «Аңыз адам» журналының дәл сол санында Х.Тұрсұн: “Жырдың шығу уақыты Түркі қағанатына дейінгі кезеңге сәйкес келеді. Сосын оғыз дәуірінде қайта жырланған. Жыр ішінде ортағасырдағы оқиғалар да ұштасып жатады. Тарих беттеріне үңілсек, «Алпамыс батыр» жыры түркілік өркениеттің ошағы - Сыр мен Әмудің арасын жайлаған тайпалар арасында қалыптасып, ұлы көшіқондар арқылы басқа елдерге жеткен. Мысалы, Алтай халықтары «Алып-Манаш», қырғыздар «Манас», башқұрттар «Алпамыш», татарлар «Алпамша» деп түрлендірген. «Алпамыс батырды» өз елінің ұлттық әдеби мұрасы ретінде қарастыратын халық өкілдері оның ұлт пен ұлыстарға бөлінбей, түркі халықтары біртұтас болып тұрғанда пайда болған жыр екенін ескермей жатады. Алпамыс батырды қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар деп әркім өзіне бұра тартып еншілеуге, егелік етуге болмайды. Жырдың ең көне нұсқасы қашан ғылыми тұрғыда қалпына келтіріледі, сол кезде де оның қай ұлтқа тән екенін айта алмаймыз. Өйткені, эпостық сана дәуірлеп тұрғанда ұлттық сана қалың ұйқыда жатқан болатын. Көршілес өзбек халқы Алпамыс батырды қатты қадір тұтады, оған арнап 20 томдық кітап шығарған. Сондықтан ол - өзбек ағайындарға да сіңісті батыр» - деп жазады [17, 32-33].

«Алпамыс» дастаны бойынша ізденістер алып барған ғалымдардың ең өзекті мәселесі бұл Алпамыс батыр өмір сүрген территория және «Алпамыс» жырының таралу аймағы болып есептеледі. «Алпамыс» дастаны қазіргі кезде зерттеушілердің пайымдауынша Сыр бойы және Арал бойында өмір сүрген, шаруашылықпен айналысқан қоңырат тайпасында пайда болған. Бірақ бұл қазіргі кезде тек қана пайымдау болып отыр. Өйткені «Алпамыс» жырының қай уақытта және қай жерде пайда болғандығы тарихи деректерде анық көрсетілмеген. Сондықтан да зерттеушілер бұл эпосты зерттеуде эпостың ішінде жазылған мәліметтерге ғана сүйеніп отыр.

«Алпамыс» дастаны секілді басқа дастандар Орта Азия территориясында өмір сүрген халықтардың тұрмысы және мәдениеті негізінде пайда болды. Кейбір дастандар патриархал-рулық құрылыс жойыла бастаған кезеңде пайда болса, көбісі халықтар тарапынан феодализм дәуірінде пайда болған деп айтылады. Жоғарыда патриархал-рулық байланыстардың кезі деп айтылуының себебі дастанда рулық қатынастар көп көзге түседі. Яғни, бір тарапынан

жиналыстарда мәселелер ақсақалдар арасында шешім табуы, әр рудың ақсақалы өз пікірін білдіруі және Қоңырат елінің негізгі мүшелері ақсақалдар болуы бұған бір дәлел болып тұр. Сол кезде Алпамыстың әкесі Байбөрі ақсақалдардан кеңес сұрағаны бұл мәселелердің ақсақалдар кеңесінде шешілгенін білдіреді. Ал екінші тарапынан Жиделі-Байсын жерінде өмір сүрді деп айтылып жатқан Байбөрі сол кездің өзінде-ақ салық системасын енгізген. Сол кезде зекет, баж салығы сияқты сөздер эпоста өте көп кездеседі. Яғни Байбөрінің өз бауыры Сарыбайға салық салуы және Сарыбайдың Жиделі-Байсынды тастап кетуі бұған бір дәлел [14, 269].

Кейбір деректер бойынша «Алпамыс батыр» дастаны қоңыраттар орналасқан территорияда, моңғолдар басып алғанға дейінгі кезде пайда болған. Сондықтан «Алпамыс батыр» эпосының пайда болу кезеңін күрделі мәселе екенін есепке алып, бұл жерде «қоңырат» терминін толықтай анықтап алсақ. Қазірге дейін тарихшылар мен этнографтар «Қоңырат» - бұл моңғол тайпаларының бірі деп есептейді. Моңғол тарихшыларының пікірінше қоңырат сөзі «хун» - аққу, және «ард» - адамдар, дәлірек айтқанда «аққулар тайпасы» деген сөзден келіп шыққан. Аққу ертеректе моңғол тайпаларының тотемі болған. Қоңырат тайпасының пайда болуы және келіп шығуы туралы мәліметтер көбінесе белгілі тарихшы Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» еңбегінде кездеседі. Түркі халықтарының тарихы туралы тамаша деректер қалдырған Рашид ад-Дин мен Әбілғазы хан, «Қоңырат - бүкіл түрік жұртының атасы болып табылатын Оғыз ханнан тарайтын ұрпақ» - деп жазады.

Бірақ өзбек фольклортанушысы Хади Зариф «қоңырат» сөзінің моңғол сөзі «Қунхурат» қа еш қатысы жоқ деген мәселені көтерді. Ол «Алпамыс - өзбек халық батырлық жыры» (Алпомиш - ұзбек халқ қахрамонлик эпоси) кітабының 24 бетіндегі жеке өзінің «Алпамыс» эпосының негізгі мотивтері («Алпомиш» эпосининг асосий мотивлари) бөлімінде: «Алпамыс» жырындағы «қоңырат» сөзінің этимологиясы моңғол сөзі емес, жергілікті сөз болуы мүмкіндігін, Орта Азиядағы моңғол тайпасы «қоңырат» қа дейін «Қоңырат» термині болғанын айтты. Бұл термин үш сөз: қоң-ыр-ат тан құралды. Бірінші «қоң» - тайпа атауы, екінші сөз «ыр немесе өзбек тілінде ғыр» тез шабатын, үшінші «ат» ат мағынасын береді. Ғалымның былай деп айтуына басты себеп бұл - эпоста жылқышылар бейнесі, жылқы бейнесі, бәйгеге ат қосу және иесіне адал аттың Алпамысты өз еліне аман-есен жеткізуі болып табылады. Екіншіден, аңыздарға сүйенсек тайпа атауы қоңыр ат

сөзінен шыққан. Бұл аңыз Сурхандария және Амудария бойында өмір сүрген қазақ, өзбек және қарақалпақ халықтар ішінде кең тараған. Тайпа атауын жануарлар атымен байланыстыру - бұл ең ежелгі түсінік болып табылады және бұл Орта Азия халықтарында көп кездеседі. Тіпті кейбір жұлдыздардың атаулары атпен байланысты. Мысалы «Ақбозат» деп те аталады. Алтай эпосы «Алып-Манаш» та Алпамыстың аты «Ақбозат» деп аталды. Қорытындылай келе «Алпамыс» жыры пайда болған кезеңде «Қоңырат» сөзі моңғол сөзі болмай, бәлкім жергілікті сөзден шыққан болуы да мүмкін [15, 196].

Телғозы Ағабекұлы және Шыналбай Уалиханұлының «Қоңырат» кітабының бірінші «Қоңырат туралы бірер сөз» деген бөлімінде: «Қоңырат тайпасын Шыңғыс хан заманынан да бұрын пайда болған. Оған «Алпамыс батыр» жыры дәлел бола алады» - деп жазылған. Ал жазушы Бақыт Сарбалаұлы пікірінше Қоңырат - Шыңғыс хан заманына дейін-ақ, маңайында қоныстанған түркі нәсілдес найман, керей, меркіт елдері секілді белгілі тайпалардың бірі болған. Кейбір деректерде жазылғандай бұл тайпа Орта Азия жерінде бірінші рет Шыңғысхан және Шыңғыс әулеттерінің шапқыншылығы кезінде пайда болды деп айтады. Кейіннен жеке этносқа айналды. Қоңырат тайпалары кейіннен қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз халықтарының құрамына еніп кетті. Тарихи деректерде «Қоңғырат», «Оңғырат», «Қоңгила» деген атаулар кездеседі. Тарихи мекені Моңғолия жері болып табылады. Деректер бойынша Шыңғыс ханның анасы Оэлун бәйбіше Қоңыратқа кіретін Елқонұт руының қызы болған. Деректерде қоңырат тайпаларының қалыптасуына моңғол-қоңырат элементтері елеулі болды, бірақ олардың негізгі бөлігі түркі рулары болған. Қоңыраттар Дешті Қыпшақтың сол қанаты есебінде Темір әулетіне қарсы күресте Әбілқайыр ханды қолдаған. Осындай саяси тартыстар салдарынан Шайбани әулетімен бірге Мәуереннахр хандығының негізін салып, кейінірек қарақалпақ халқының құрамына енді. Керей мен Жәнібек бастаған топ Көшпелі Өзбек мемлекеті құрамынан бөлініп шыққан кезде Қоңыраттардың бір бөлігі осы хандармен келіп Батыс Моңғолияға келіп орнықты. Ал кейбір бөлігі Көшпелі Өзбек мемлекетінің құрамында қалды. Қазір қоңыраттар көбінесе Қазақстанның оңтүстігі, Қарақалпақстан, Өзбекстан жерінде тұрады.

Ш.Уәлиханов қоңыраттардың «Бұхарада, Қоқанда Ташкентте, бәрінен бұрын Қаратауда және Талас өзені бойында түркі тілдес тайпалармен араласып, қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт

халықтарының құрамына кіріп кеткен» - деп жазады. Қазақ халқының этникалық тарихында қоңырат тайпасының орны ерекше. Қоңырат Орта жүз құрамындағы тайпа. Қоңырат тайпасы Көтенші, Көктінұлы деген екі үлкен бірлестіктен тұрады. Осылайша қазіргі кезде Қоңырат тайпасының пайда болуы туралы көптеген көзқарастар бар [16, 203].

Алпамыс дастанының пайда болуы туралы тағы да көп пікірлер бар. А.К. Боровковтың Алпамыс туралы эпостың пайда болуы және таралуы «Қыпшақ-түрік» редакциясы бойынша «Дешті Қыпшақ» айналасында XII-XIV ғасырларға тура келуі мүмкін деп, эпосты қоңырат қауымының эпосы деп дәлелдеді. «Алпамыс батыр» Орта Азия халықтарына ортақ эпос болып есептеледі. Оны В.М. Жирмунский мен Х.Т. Зарифов та айтқан.

«Алпамыснама» («Алпомишнома»), «Өзбек халық қахарманлық эпосы» кітаптарында Х.Т. Зарифов «Дастанның пайда болу орны, уақыты жөнінде, Алпамыс алғаш Қоңырат қауымының эпосы болды. Ол Сырдарияның төменінде, Арал жағаларында әлі қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтары қалыптаспай тұрып, пайда болған. Эпостың қалыптасуы патриархал-рулық қатынас жағдайында іске асқан болуы мүмкін» - деп жазады.

1960 жылы В.М. Жирмунскийдің көпжылдық еңбектері нәтижесінде «Алпамыс батыр» эпосын зерттеуге арналған «Алпамыс туралы жыр және батырлық дастандар» («Сказание об Алпамыше и богатырская сказка») деген атаумен көлемді кітап шықты. Автор бұл кітапта өзінің назариясымен «Алпамыс батыр» дастаны VI-VIII ғасырларда алтайлықтар арасында кейінгі дәуірдегі жазылған «Алп-Манаш» қа ұқсаған батырлық жыр негізінде Алтай тау бөктерінде жаратылғандығын жазады. Ғалымның жазуынша Алтайдан Алпамыс туралы сюжетті оғыздар IX-X ғасырларда Сырдария бойына таратқан. XI-XIII ғасырда қыпшақ әулеттерінің батысқа жылжуы нәтижесінде бұл жыр Қазақстан, Башқұртстан, Волга бойына тараған және модернизацияға ұшырап, ертегіге ұқсас түрде татар, башқұрт халықтарының ауызекі мәдениетімен бізге жетіп келген. Шайбани әулетімен бұл сюжет Оңтүстік Өзбекістанға келген және XVI ғасырда батырлық жыр ретінде Алпамыс дастаны өзбектер мен қарақалпақтар арасында кең таралған. Ғалымдар дастанды екі мың немесе екі жарым мың жыл бұрын пайда болған деп те айтуда.

Анықтап айтқанда В.М. Жирмунский өз еңбектерінде «Алпамыс батыр» эпосын XII -XIV ғасырларға жатқызып, жырдың жасалуын монғол шапқыншылығымен байланыстырды. В.М. Жирмунский: «1999

жылда өзбек халқы «Алпамыс батыр» эпосының 1000 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтіп, зәулім ескерткіштер орнатты» - деп жазады [18, 233].

Қазіргі кезде еліміздің оңтүсігіндегі Шымкент қаласында да мүсінші Ә. Абылаев, Қ. Қосықбаев, А. Әбдеш жасаған Алпамыс батырдың ескерткіші орналасқан.

«Алпамыс батыр» эпосының пайда болуы туралы тағы да басқа пікірлерге келетін болсақ: Ғұлама ғалым, академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ эпосы «Алпамыс батыр» оғыздар мен қыпшақтардың тұсында, яғни бұл тайпалар Орталық Қазақстан даласы мен Сырдария арасында көшіп жүрген кезде VII - IX ғасырларда пайда болған. Бұл жырдың елге кеңінен таралып, қалың көпке белгілі бола бастауы VII - XII ғасырлардың арасы. Осы дәуірден біздің кезімізге дейін Алпамыс батырдың сюжеті келіп жетті. Кейін қоңырат тайпасы қазақ, өзбек, қарақалпақ т.б. халықтардың құрамына енген кезде осы халықтардың әрқайсысының өзінде бұл жырдың нұсқалары пайда бола бастады» - деп жазады.

«Алпамыс батыр» жыры жайында пікір айтқан ғалымдардың бірі белгілі ақын әрі қоғам қайраткері С.Сейфуллин болды. Оның Қызылорда қаласында шыққан «Қазақ әдебиеті» атты монографиясында жырдың өзбек, қазақ нұсқаларының ерекшелігі, образдар жүйесі, ұлттық дәстүрге сай сарындары туралы тиянақты ойлар айтылады [18, 234]. 1960 жыл баспадан шығарылған «Сказание об Алпамыше и богатырская сказка» кітабында «Алпамыс» дастаны Орта Азияда қалмақ басқыншылығы кезінде, яғни XVII -XVIII ғасырларда пайда болды деген деректер қате деп есептелінеді. Алпамыс дастанының идеялық мазмұнында қалмақ хандарының XV - XVIII ғасырлардағы шабуылы анық көрінбейді. Өйткені Алпамыс дастаны одан бұрын қалыптасқан. Алпамыс дастаны рулық-патриархалдықтан хабар береді.

Ал егер дастанның пайда болуы және таралу уақытын дастанның өзінен іздейтін болсақ, кейбір деректерде «Алпамыс батыр» дастаны ислам діні таралғаннан кейін пайда болған. Өйткені жырдың бастапқы жазылуында кейбір нұсқаларында Байбөрі мен оның бауыры Сарыбайдың, ал кейбір нұсқаларында Байбөрі және оның бәйбішесі Алла тағаладан перзент сұрап киелі жерлерге баруы дәлел бола алады. Мысалы Алпамыс дастанының қазақ тіліндегі нұсқасы «Батырлар жыры» кітабында:

Жеті күн ұдай түнеді, Бай-бәйбіше екеуі.
Ешбір нышан білмеді, Қожалардан бата алып.

Жапан кезген атанып, Жоғары қарап өрледі...

Отырарда Арыстан бап, Сайрамда бар сансыз бап, -
Бәріне бір түнеді.
Әзіреті Қаратау, Әулиенің кені еді.

Өзен сайын тастамай, Бәріне бір түнеді... [19, 159].

Бұл жерде «кожа» т.б сөздердің қолданылуы ислам дінінің таралғанының бір дәлелі болып есептеледі. Тағы да дастанның таралу орны жөніндегі Х.Т. Зарифовтың пікірі айрықша қызығушылықты тудырады. Ол 1947 жылы Мәскеу қаласында баспадан шыққан «Алпамыс дастанының талқысыға қатысты мәселелер» («Алпомиш достонининг муҳокамасига оид масалалар») кітабында дастанның таралу орны деп Сырдарияның төменгі ағысы, Арал жағаларын көрсетеді. Ал бұл мәліметтер Жиделі-Байсынның орнын белгілеуде өте маңызды. Тарихи Жиделі-Байсанның Алпамыс дастанының таралуына тікелей қатынасы бар екендігі қазақша, өзбекше, қарақалпақша нұсқаларында бұл атаудың қайталанып отыруының өзінен көруге болады. Алпамыс өмір сүрген Жиделі-Байсанның орнын белгілеу туралы бірқанша пікірлер бар. Олардың ішінде біздің ойымызша ең дұрысы Жиделі-Байсанды Сырдария мен Амударияның Арал теңізіне құятын теңіз жағалауларынан іздеу керек. Себебі халықтың ерте кездегі орналасауы бойынша, сондай-ақ Қарақалпақстан және Өзбекстан территориясында жүргізілген экспедиция материалдары бойынша Жиделі-Байсанның жоғарыда аталған территорияларда орналасқандығынан дерек береді. Қазақ фольклорында Жерұйық, қасиетті мекен саналатын Жиделі-Байсын - қазіргі Өзбекстанның оңтүстігінде, Сурхан Дария аумағында, Термес қаласына жақын жер. Тарихи деректерде Термес шаһарының солтүстігі Қоңыраттардың меншігінде деп көрсетілген. Тарихшылар Қоңыраттардың бұл жерлерді Мұхаммед Шайбани хан тұсында иемденгенін жазады.

Осы жоғарыдағы пікірлер дастанның пайда болу дәуірі және орны туралы нақты мәлімет алуға лайықты. Бірақ «Алпамыс батыр» дастанының таралуы уақыты және орны туралы пікірлер қазірге дейін жалғасын тауып келуде [12, 65].

«Алпамыс» дастаны өзінің ерекшелігімен ерте кезеңде жазылған дүниежүзілік «Илиада» мен «Одиссея», «Махабхарата», «Рамаяна», «Шаханама», «Манас» секілді эпостармен тең дәрежеде тұрады. Қазіргі кезде түркі халықтардың ішінде әр халықтың жыры әр түрлі жолдармен зерттелуде. Бұл дегеніміз халықтардың түрлі территорияларда мекендеуіне байланысты әр халықтың «Алпамыс» жырында өзгешеліктер бар. Қазірге дейін «Алпамыс» жырын көптеген жыраулар жырлап келеді. Оның ішінде қазақ, өзбек, қарақалпақ жыраулары ерекше мәнге ие. Қазіргі кезде біздің қолымызда Алпамыс дастанының Оғыз жырау, Қияс жырау, Есемурат жырау, Арзымбет жырау жырлаған нұсқалары бар. ХІХ аяғында жазып қалдырылған қарақалпақ жырауы Жиёмурат Бекмухамедовдың версиясы ерекше мәнге ие. 1989 жылы Америкада түрік ғалымы Хасан Паксой «Алпамыс» эпосы туралы монографиялық ізденістер жүргізіп, жырдың ағылшын тіліндегі варианты жаратты. Қазіргі кезде Алпамыс дастанының архивте қырыққа жақын варианттары бар [20, 99-101]. Олардың ішінде қазақ, өзбек, қарқалпақ, башқұрт тілінде жазылған жырдың көптеген нұсқалары бар. Бұл нұсқалар ішінде кейіпкерлер, территориялар ұқсас болғанымен бір-бірінен өзгешеліктері көп. Өйткені бұл ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты. Бірақ әр аймақта, әртекті этникалық жағдайға орай жергілікті халықтың жырды өздеріне туыстыра бейнелеуі фольклорымызда кең тараған құбылыстың бірі. Бұл варианттар түркі халықтар тарихынан маңызды дерек береді. «Алпамыс батыр» дастанының өзбек, қарақалпақ тілінде 30 жуық, қазақ тілінде 10-11 нұсқасы бар. Қазан төңкерісіне дейін бұл жырды Қазақстанның барлық облыстарында айтып келген. Олардың ішінде Ә.Байтұрсынов, Ы.Жүсіпов, С.Жаңбыршин, Қ.Серғазиев, Ә.Қоңыратбаев нұсқалары белгілі болып есептеледі. Ы.Жүсіпов пен С.Жаңбыршин варианттарын айтпасақ, «Алпамыс батыр» жырының көптеген нұсқалары Оңтүстік Қазақстан жерінен жазып алынған.

1934-1959 жылдарда Қарақалпақ ғалымдары Қ.Айымбетов, Қ.Мақсетов, А.Каримов, Р.Хужамберганов, Н.Камолов белгілі қарақалпақ халқының Хужамберген, Есемурат, Тәжібай, Оразымбет, Тәңірберген секілді жырауларынан түрлі варианттарын жазып алған. Жазылып алынған жырдың саны тағы жеті жырды құрады [16, 39].

«Алпамыс батыр» дастанын жеке зерттеген В.М. Жирмунский «Алпамыс» пен «Одиссея» сюжеттерінің арасында ұқсастық бар екендігін айтады. В.М. Жирмунский өзінің «Алпамыс батыр» туралы барлық кітаптарында оны Гомердің «Одиссея» дастанымен ұқсастыра

зерттейді. Және де қазақ жазушысы-драматург Әнес Сарай да «Алпамыс батырды» Гомердің «Одиссея» жырымен салыстыра зерттейді. «Алпамыс батыр» дастанының «Қаһарманның қайтып оралуы» бөлімі бізге жетіп келген көне Гомердің «Одиссея» сына ұқсас келеді. Одиссея 20 жыл көлемінде өз отаны Итакадан жырақта, Троя еліне соғысқа аттанады. Сол жылдар аралығында Пенелопа Одиссеяға адал жар ретінде ғұмыр кешеді [15, 188].

Одиссейдің елден жырақта жүргенін пайдаланған сарай қызметкерлері барлық мал-мүлкін иемденіп алып, Пенелопаның көңілін алуға әрекет жасайды. «Алпамыс» та да, «Одиссея» да олардың артында қалып, өз ішінен шыққан жаулардың езгісінің астында өмір сүріп жатқан әйелдері (Гүлбаршын мен Пенелопа), кедейлікте өмір сүріп жатқан басты кейіпкерлердің әкелері (Байбөрі мен Лаэрт), қорланған, және өміріне қауіп төніп тұрған ұлдары (Жәдігер мен Телемах), екі басты кейіпкердің де ең жақын досы және қамқоршысы, кәрі бақташы (Құлтай мен Эвмей) сұрттелген. Екі кейіпкер өз елдеріне қайтып оралғанда өз кейіпін өзгертуі және Одиссейдің өз ұлы Телемахқа, ал Алпамыстың Жәдігерге оның кім екендігін жасыруын тағайындауы, Одиссея қайтып оралғанда тек қана Эвмей оны жақсы қарсы алуы, ал бұл Құлтайдың Алпамысқа көрсеткен құрмет және оған жасаған игі істеріне өте ұқсас келеді. Эпос соңында Одиссейдің кедей Иромды жазалағаны, Алпамыстың Ұлтан ханды жазалағаны да ұқсас. Тағы да ұқсастықтардың ішінде Одиссея қайтып оралғанда оның кәрі иті Аргустың оны лезде тануы, ал Алпамыс келгенде қанша уақыттан бері орнынан тұрмай жатқан Алпамыстың сіңілісі Қарлығаш бағып жүрген кәрі түйенің кенеттен орнынан тұрып кетуі де бар. Бірақ ең негізгі ұқсастық бұл Одиссея мен Алпамыстың садағын ұлдарына мұраға қалдыруы, әумесер құлдардың мұраға қалдырған садақты тарта алмауы, Одиссейдің өз садағын 12 шығырдан, Алпамыстың 12 кетпеннен өткізуі болып табылады. Еуразия кеңістігінде және түркі халықтарында да ортақ және ұқсас бұл эпостар ерте заманға тиесілі. Гомердің «Одиссея» эпосы қанша жерден әлемге әйгілі болғанымен біз үшін «Алпамыс батыр» дастанының орны ерекше. Өйткені бұл дастан түркі халықтарының тектік-нәсілдік жақындығы, қоныстану аумағының тұтастығы, дін, тіл мен діл туыстығы кейбір рухани мұралардың ортақ болып қалуына ықпалын тигізеді [20, 192]. Бұл жерде мақсат басқа халықтың әдебиетін төмендету емес, тек қана ұлттық мұраны сақтау, оны құрметтеп, дамыту болып табылады. Өйткені бұл батырлық жыр арқылы біз

қазіргі кезде жастарды жақсылыққа, адалдыққа шақыруымыз қажет. Ата-бабамыздан қалған бұл мұраны дамыту арқылы кейінгі әулетке жеткізуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жирмунский В.М., Зарифов Х .Т. «Алпамыс туралы батырлық жыр». Т., 1959. -164 б.
2. Зарифов Х .Т. «Алпамыс - өзбек халық батырлық жыры». Т., 1999. -224 б.
3. Жирмунский В.М. «Алпомиш достонининг муҳокамасига оид масалалар». М., 1947. -125 б.
4. Мурадов А, Эргашев А. «Алпамыснама». М., 1997. -165 б.
5. *Ўзбек совет энциклопедияси*. Ред. Абдуллаев В. 1-том, Т., 1971. -278 б.
6. Жирмунский В. М. «Сказание об Алпамыше и богатырская сказка». М.,1960.-235 б.
7. Жирмунский В.М. «Основные мотивы эпоса Алпамыш». М., 1947. -132 б.
8. Сагитов И.Т. «Қарақалпақ батырлық дастаны Алпамыс». Нукус, 1992. -145 б.
9. Юнусов Ғ.О. «Алпомиш». Т., 1923. -166 б.
10. Хошаниязов Ж. «Қарақалпақский героический эпос». Т., 1962. -113 б.
11. Жирмунский В.М. «Алпамыш». Т., 1959. -60 б.
12. Жумалиев Х, Габдуллин М., «Қазақ эпосы». А., 1958. -134 б.
13. Валитова А.А. «Татарская версия эпоса Алпамыша». М., 1960. -102 б.
14. Жумалиев Х, Габдуллин М., «Қазақские версии Алпамыса». А., 1958. -269 б.
15. Орлов А. «Алпамыс-батыр». А.,1961. -196 б.
16. Орлов А. «Қазақ эпосы». М.,1945.-203 б.
17. Түрсүн Х. *Алпамыс батыр // Аңыз адам*. № 16, Алматы, 2016. -7-22 б.
18. Хожамбергенов Р. «Қарақалпақский народный эпос Алпамыс». Нукус, 1960. -233 б.
19. *Батырлар жыры*. Ред. Айғалиұлы Е. 1-том. А., 2006. –152-251б.
20. Боровков А.К. «Алпомиш». Т., 1956. -244 б.